«Бекітемін»
Мектеп директоры
С.А.Сагындыкова
_______
«01» 10 2023ж

## «Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының қараша айына арналған жұмыс жоспары

| № | Жұмыс мазмұны | Қолданылатын әдіс – тәсілдер | Сынып | Мерзімі | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | СБА«Суйицидтік бағыттылықты анықтау» тесті | Суицид пен қатерге бейім мінез құлықтың алдын алу жұмыстары | 7-10 сынып | Қараша | Анықтама |
| 2 | Зунг «Депрессивті жағдайды диагностикалау» әдістемесі | Әдістеме | 7-10 сынып | Қараша | Хаттама |
| 3 | Н.Г. Лусканованың «Мектеп мотивациясын диагностикалау» әдістемесі<br>Гинзбурга. М.Р "Оқу мотивациясын зерттеу" Л.В. Байбородовой<br>О.В. Окунева «Мектеп мотивациясын диагностикасы | Оқушылардың мектеп мотивацияларын зерттеу жұмыстары | 2-4 сынып<br>6-8 сынып<br>9-10 сынып | Қараша | Анықтама |
| 4 | «Кактус» әдістемесі | Әдістеме | 5-6 сынып | Қараша | Хаттама |
| 5 | «Ата-ананың бірі өгей болғанда туындайтын қиыншылықтармен күресу» атты баяндама. | Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы | 1-10 сынып ата-аналары | Қараша | Анықтама |

Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р

## Қостсмар ауылының жалпы орта мектебі»КММ

### Баланы жәбірлеудің «буллингтің» прафилактикасы қағидаларын түсіндіру бойынша 7- 10сынып оқушылар арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстың хаттамасы

**Тақырыбы:** «Буллинг. Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы»
**Мақсаты:** Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту.
**Көрнекілік:** интер белсенді тақта.

1. «Буллинг» «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында оқушыларға түсіндіру жұмысы. Интернет желісін қадағалау, қауіпті интернет ресурстарына оқушылардың кіруіне жол бермеу, буллингтің бала психологиясына кері әсері және буллингтің алдын алу жөнінде оқушыға кеңес
2. Оқушылардың тыйым салынған сайттарға кірмеуі туралы оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5-11 сынып оқушыларына жиналыс болып өтті. Жиналысқа ДТІЖО, А.Г Төлеген , психолог,Бердалиева.Б.Р сынып жетекшілері және пән мұғалімдері, қатысты.

Жиналыс барысында Наринбаева З.А информатика пәні мұғалімі сөз алып, ол жалпы ата аналарға Қауіпті интернет ресурстарына оқушылардың кіруіне жол бермеу, интернет желісін қадағалау, қауіпті интернет ресурстарына оқушылардың кіруіне жол бермеу, мектепте бала психологиясына кері әсер ететін сайттарға кіруге филтр қою, үйдегі компьютердегіинтернет желісін үнемі бақылауда ұстау бойынша ата аналарға мәлімет берді.





Осы мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Наринбаева А.З сөз алып, онда мектепшілік рейдтік жұмыстар жүргізу бойынша топ мүшелері сайланғандығын, олардың қатысуымен мектеп оқушыларының смартфон ұстамау, тыйым салынған сайттарға кірмеу мақсатында рейдтік жұмыстардың үнемі жүргізіліп тұратындығын әр аптада компьютерден тыйым салынған сайттар бойынша бақылау жұмысы жүргізілетінін ата-аналарға айтып ескертті.





**Қортынды:** Мектеп психологы оқушыларға буллинг және кибербуллинг жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізіп, мағлұмат берді. Оқушыларға өз өмір қауіпсіздігін сақтау өз қолдарында екендігін айтты. Оқушы текқана білім алуды, ата-анасының, өзінің, бауырларының амандықтарын ойлап, көңіл – күйлерін үнемі жақсы ұстауға, жақсы ой ойлауға, өмір сүруге деген құштарлықтарын арттыруы керек екендігін айтып және кибербуллингтің алдын алу мақсатында оқушыларға кеңес беріп, жадынама таратып жиынды аяқтады.

**Педагогтың буллинг жағдайында жүрген балаға көмек көрсету:**

- Педагог осы жағдайдағы сезімін жақсы түсінетінін білдіру. Сонда оқушы өзін жалғыз сезінбейді, қолдау мен көмек алатынына көз жеткізу.
- Өзін бағалауының көтерілуін қажет етеді. Сен болған оқиғаны айтып нағыз батырлық жасадың” оның батырлығын бағалаңыз.

Психолог: Бердалиева.Б.Р *Б-л*

**Анықтам**

**Тренинг сабақ тақырыбы: «Қымбатты дос!».**

**Мақсаты:** Оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және бір-біріне қамқор болуға үйрету.

**Міндеті:**

1.Адам қарым-қатынастағы достық ұғымы туралы түсінік беру;
2. Оқушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету;
3.Оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайлыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

Барысы:

**I. Ұйымдастыру:** Оқушылар бір-біріне жылы тілектерін тілейді.

**II.Тыныштық сәті.**

Балалар, еркін отырайық. Көзімізді жұмып, бәріміз терең демалып, таңның атуын елестетейікші.

- Тіршіліктің оянуын,
- Табиғаттың сұлу, әдемі, көркемдігін сезінейікші.

Шығыс жақ сарғайып енді таң да атып келеді.

Атып келе жатқан таң, шіркін қандай тамаша! Қандай керемет, әдемі, сұлу десеңші! Біз бәріміз таңның атуын күтіп, ойланып отырмыз. Жаңа ғана шыққан жасыл шөп те, жылы жел де, жұп-жұмсақ жапырақтар да бізді айналады, жақсы көреді. Күннің жаңа ұядан шыққан сәулесі мүлгіп тұрған әр гүлге бір төнеді. Жылы шуақпен желпіп, тербей оятады. Гүлдердің бәрі де ұйқыдан оянды.

Шуақ шаша алтын таң да, мөлдір таза ауа да оянды. Әлемнің бәріне жарық жайылды. Құстар да оянды. Жәндіктер қыбырлап, құмырсқалар шапқылап жүр.

Табиғат та оянған, оян сен де!

Терең дем алып, көздеріңді ашыңдар. (көңіл - күйлерін) сұрау.





**III.Жаңа сабақ.** Дәйексөз «Айнымас досы бар адам-ең бақытты адам» (халық мақалы.) Дәйексөзді оқып, мағыныасын түсіндіру.

***Топқа бөлу (конвет арқылы достық, татулық топтары )***

**IV.« Достық .Бірлік » үйін салу.** -Балалар, біздің адал достарымыз әлде де көп болу үшін, үлкен үй салуымыз керек. Сол үлкен үйді бәріміз бірге мақал-мәтелдердің көмегімен салып көрейік.

1. Досы көпті жау алмайды,

2. Досың көзіңде болғанша,
көңіліңде болсын

3. Жүз теңгең болғанша,
Жүз досың болсын.

4.Шын дос үшін қалайда,
Тік қатерге басыңды.
Айыра біл алайда,
Досыңменен қасыңды.

5.Досы көппен сырлас.
Досы жоқпен сыйлас.

6.Досың мың болса да-аз,
Дұшпаның біреу болса да-көп.

7.Досыңмен дос болғанға шаттан
Дұшпаныңмен дос болғаннан сақтан.

8.Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық.

9.Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.

10.Өрге жүзген өнегелі ісіңмен,
Адал дос тап, тең құрбыңның ішінен.

11. Күлме досқа, келер басқа

**V. Ойын орындық (музыка).** Қажетті құралдар А4 және түрлі қарындаш, фомастерлер





**VI.** Балалар біз сіздермен «Тұз терапиясы» жаттығуын жасаймыз.

**X. Қорытынды**.

Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін жазып күнге жабыстырады. Балалар, бәріміз бірігіп жақсы сөздерге толып жарқыраған, шуағы мейіріммен төгілген күн құрастырдық.Күн шуақтары бізге жылылық сыйлап тұр. Біз де сол сияқты достарымызға және өзімізге тек қана жақсылық сыйлайық.

**Анықтама**

**Күні:** 27.11.23 ж
**Қатысқаны:** 3 жас мамандар
**Тақырыбы:** жас мамандарға кеңес
**Мақсаты**: Жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету.

Жас мамандаға қолдау жұмысқа деген ынтасын арттырып, білімді, ізденімпаз, талапты азамат етіп тәрбиелеу. Сондай – ақ тәрбиеші деген ұлы есімге лайық болу. Жас мамандар саналы азамат тәрбиелеуде ерінбей еңбек етуге лайықты жалынды жастар екенін жеткізу. Тәлімгердің басты міндеті:

Күн тәртібінің іс-әрекеттері мен міндеттерін, өз уақытын дұрыс ұйымдастыру. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі -денсаулықты сақтау,шығармашылық қаситеттерін дарытатын бірден бір жолы.
**Жас мамандар міндеттері:**ұстаздық кәсіп абыройы мен беделін қорғау; өз жұмысын бағалауға байланысты арыз – шағымдарымен және басқа да құжаттармен танысу, олар жөнінде түсініктемелер беру; өзіне қолайлы жолмен біліктілігін арттыру; педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестік мәжілістеріне, мектептің қоғамдық өміріне белсенді түрде қатысу; тәлімгер мен өз әріптестері тарапынан көмек алу; әрбір баланың тұлғалық ерекшеліктерін және олардың ата – аналарын сыйлау; жартыжылдық соңында тәлі







**Жас мандарға арналған ұсынысар:** Сынып оқушыларының жеке ерекшіліктеріне қарай қарым- қатынас орнату; Оқушылардың пәнге деген қызығыушыларын артыру; Сыныптың атмосферасына үнемі бақылау жасау; Оқушының белсендігі мен сенімділігін қалыптастырып, өз бетінше ізденпаздық және шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдерді сабақ үрдісінде және сабақтан тыс уақыттарда қолдану;
Ата - аналармен байланыс жасай отырып,әр оқушы туралы жекелей ақпарат беру;Әр оқушыға талап қоя білу; Сабақтың шебер ұйымдастырып,әрбір

оқушының дербес жұмысы істеуін,сабаққа сыныптың түгел қатысып отыруын қамтамасыз ету.







Тәлімгерлік - ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер мен тәлім алушының арасында, сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым – қатынас құру қажет. Ол тәлім алушының педагог ретінде қалыптасуы мақсатында өзінің білімін, ойлауын тәжірибелік іс амалдардың тиімділігін жеткізуде айтарлықтай қарқын алуына көмектеседі. Тәлімгерлік ету барысында тәлімгер өзінің білімімен, тәжірибесімен бөліседі, ал тәлім алушы еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, жолдарын іздейді. Тәлімгер –өте өзіне сенімді, тәжірибелі болуға тиіс. Тәлімгерлік тәлім алушыға білімін, тәжірибесін беріп, жоғары мүмкіндіктерінің ашылуына көмектеседі.Тәлімгерліктегі басты ұстаным қызмет емес, қарым-қатынас болып табылады, тәлімгер қоғамға тыңдаушы және бағыттаушы болады.

Тәлімгер өзінің тәжірибесін қоса отырып, бірқатар міндеттерді орындайды:

· Тәлім алушыға қйындық туылған жағдайды өз бетінше шешуге мүмкіндік беру.· Оған шынайы мақсат қоюға және оған жету жолдарын жоспарлауға көмектеседі.






Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің баланың өсуімен дамуына денсаулық нығайтуының маңызы зор.Сонымен қатар,ол бала бойындағы жақсы әдістерді қалыптқалыптастыруға,ерік жігер нығайтуға ұстамдылық ұқыптылық сияқты басқада маңызды қасиеттерді жетілдіруге көмек теседі. Күн тәртібі –балалардың жас ерекшелігін ,ескере отырып,дұрыс ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдағы балалар әрекеттерінің (ойын, оқу, еңбек, тұрмыстық ұйымдастырылуы, күн тәртібінің бірінші және екінші жартысында ұйымдастыру, ертеңгілік қабылдау,серуен және балалар белсенділігі жайында жас маманға мәлімет беру.

Жоғарыда айтылып кеткендей күн тәртібіне келетін болсақ, мысалы:

Жас мамандармен өтетін отырыстарда баяндамалар жасатып, заман талабына сай оқытудың қандай тиімді тәсілдерін қолдану керектігін үйретіп отырған жөн.

**Қорыта** келгенде жас маманға кәсіби кеңес немесе көмек беру, тәлімгердің басты міндеті болып есептеледі. Жас мамандар әрдайым ізденіс үстінде болулары тиіс. Ізденіп, сұраныс білдірген жас маманға тәжірибелі, сауатты бағдар беруге әр уақытта дайын болуымыз қажет.

**Психология апталығының жоспары.**

**Мақсаты:** Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру.

| Өту мерзімі | Күннің атауы | Өтетін шаралар | Кіммен өтеді |
|---|---|---|---|
| 04.12..2023 ж. | **«Түрлі түсті күн»**<br>**Ұраны:** «Әрбір бұлтты күннен кейін, міндетті түрде күн шығады!» | **1.Апталықтың ашылуы: «Сымбатты болу шартымыз...»** (Флеш моб)<br>**2.Көңіл – күй диагностикасы** (7 түсті Люшер тестінің түстері арқылы)<br>**3.«Мен өмірге қажетпін...»** арт терапия тренингі | Барлық сыныптар мен мұғалімдер.<br><br>Барлық сыныптар мен мұғалімдер<br><br>5 – ші сыныптар. |
| 05.12.2023 ж. | **«Бақытты күн»**<br>**Ұраны:** «Әрбір адам, өз бақытының жаршысы» | **1.«Бойжеткен әдемі жүр, сыпайы күл!»** фотосуреттер көрмесі.<br>**2.«Көңілді, тапқыр достар»** психологиялық сайыс | 8 - 10 сыныптар аралығында<br><br>3 сыныптар |
| 06.12.2023 ж. | **«Ата – аналар күні»**<br>**Ұраны:** «Тәрбие отбасынан басталады» | **1.«Ананың алақаны балаға айдынды қоныс»** тренинг<br>2.Баяндама: **«Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс – заман талабы»** | 4 сынып ата - аналары<br><br>Ата – аналар |
| 07.12.2023 ж. | **«Қарым – қатынас күні»**<br>**Ұраны:** Қарым – қатынас, өмір атты тағамның ең қажетті тұздығы» | 1.**«Ізшілер күні»** мектепішілік жарыс<br>2.Акция**«Забор»**<br>3.**«Реніш»** тақырыбындағы психологиялық сабақ. | Барлық сыныптар<br><br>Барлық сыныптар<br>10 сынып |
| 08. 12. 2023 ж. | **«Жарқын болашақ күні»**<br>**Ұраны:** «Болашақ бүгіннен басталады!» | 1.**«Мамандық білгірлері»** кәсіби бағдарлау сайысы.<br>2. **«Алынбайтын асу жоқ»** мақсатқа бағыттау тренингі | 9 – шы сыныптар<br><br>ҰБТ – ға қатысушы түлектер. |
| 15.12.2023 ж. | **Қортынды. «Ынтымақтастық күні»**<br>**Ұраны:** «Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер» | 1.Акция: **«Мектеп – ортақ үйіміз»** мектептің жалпы суреті.<br>2. **«Симфониялық оркестр»** үлкен психологиялық ойын | Барлық сыныптар<br><br>Барлық оқушылар мен мұғалімдер |

**Құрастырушы:**

**Мектеп психологы:** *Б.Р.Бердалиева*

**Апталықтың ашылуы:**

Апталық дүйсенбі күннің таңертеңгі жиынында басталды. Бұл күнге флеш – моб, яғни топтық би ұйымдастырылды. Сағат 12.45 – те оқушыларға апталықтың басталғанын жариялап, ортаға нұсқаушы қыздар шақырылып, апталық топтық бимен басалды. Әрине ұялып билемей қалғандар да болды, бірақ көңілді әуен, қарапайым қимыл арқылы оқушылардың басым көпшілігінің көңіл күйі көтерілді.





**Алғашқы күн:**

**«Түрлі түсті күн»** деп аталды, бұл күннің ұраны: **«Әрбір бұлтты күннен кейін, міндетті түрде күн шығады!»** Үлкен үзілісте мұғалімдер мен оқушыларға өзіне ұнаған түсті таңдау ұсынылды, бұл шара екі ауысымда да ұйымдастырылды. Қолданылған түстер 7 түсті Люшер тестінің түстері, кешке оқушылар мен мұғалімдер жасалған таңдау саналып, қорытындысы төменгі ілінді. Ол жерге әрбір түстің мағынасы мен қандай көңіл – күйді көрсететінітуралы мәлімет берілді. Сонымен қатар «түс таңдауы» арқылы диаграмма




жасалды

**Сонымен қатар 5 сыныптарда «Мен өмірге қажетпін...»** атты арт - терапиялық тренинг өтті. Тренингтің **мақсаты:** Оқушылардың өзіндік сенімін арттыру, өзін - өзі тану, өмірдегі өз қажеттілігін сезіну.

## Екінші күн:

**«Бақытты күн»** деп аталды. **Ұраны:** «Әрбір адам, өз бақытының жаршысы» Апталық басталмас бұрын оқушыларға фотосуреттер сайысы болатындығы ескертіліп, әдемі, күліп түскен суреттерге конкурс жарияланды. Жиналған суреттердің ішінен ең тартымды, эстетикалық талапқа сай суреттер таңдалып, .**«Бойжеткен әдемі жүр, сыпайы күл!»** фотосуреттер көрмесі жасалды. Біздер



9 оқушының суретін таңдап, олардың әрқайсысына номинациялар бердік. (Сұлу бойжеткен, сыпайы ару, инабатты ару, салмақты ару, көкем ару, сымбатты ару, сүйкімді ару, әдемі ару, нәзік ару) .





Сонымен қатар 3 сыныптар арасында **«Көңілді, тапқыр достар»** атты психологиялық сайыс өткізілді. Сайыстың шартарында арнайы көңіл – күйді көтеруге арналған жаттығулар еңгілді.





## Үшінші күн:

**«Ата – аналар күні»** деп аталып, күннің ұраны: **«Тәрбие отбасынан басталады»** болды. 4 сынып ата – аналарына сынып жетекшімен бірігіп **«Ананың алақаны балаға айдынды қоныс»** атты психологиялық тренинг өтті.

Жалпы ата – аналар жиналысы ұйымдастырылып, жиналыста **«Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс – заман талабы»** атты баяндама оқылды. **(қосымша 2)** Жиналысқа қатысуға келген ата – аналарға **«Ата – анаға 16 психологиялық кеңес»** атты **жадынама** таратылды.





## Төртінші күн:

**«Қарым – қатынас күні»** болып жарияланды, күннің ұраны: **Қарым – қатынас, өмір атты тағамның ең қажетті тұздығы»**. Күн **«Ізшілер күні»** мектепішілік жарыстан басталды, барлық класстарға 25 сұрақтан тұратын тізім берілді. Сайыстың шарттары бойынша ауысым аяғына дейін сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беру болатын. Сұрақтар арнайы, топтың ауызбіршілігін, ұйымдасуын қажет ететін болып құрылды.

Яғни, бір оқушы жүрсе, ұзақ уақытқа созылатын тапсырмалар, сынып бөлініп алса, тез әрі оңай орындалатын. Мысалы: мектепте басқалдақ бар? Мектепте неше терезе бар? Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың барлық ұжым мүшелерімен сөйлесуге және көңіл бөлуге бағытталды. Мысалы: мектеп завучының мектепте сүйіп оқыған пәні? Мектеп әдіскерінің жатақханадағы жатқан бөлмесінің номері? Мектеп туралы мәлімет алуға бағытталған, мысалы: мектеп нешінші жылы салынған? Кітапханадағы кітап қоры қанша? т.б. **(қосымша 1)**





Сонымен қатар **«Забор»** атты акция жүргізілді. Ол үшін мектептің төменгі қабатына екі ақ ватманнан тұратын «забор» жасалды, оның қасына қара маркер қойылды, мектептің оқушыларына сол ватманға өз ойын, сезімін жазуға болатындығы айтылды. Алғашқыда оқушылар ақ ватманға жазған жоқ, сол себепті психологтар қулыққа барды, ватманның ортасына 9 «б» сынып адемі деген сөздер жазылды. Сонан соң оқушылар да жазды, ауысым аяғында ватманның жазатын орны болған жоқ

10 сыныптарға **«Реніш»** тақырыбындағы психологиялық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: Реніш сезімінің механизмін түсіндіру, кешірімді болуғаүйрету, орынсыз талаптардан бас тартуға үйрету.





**Бесінші күн:**

**«Жарқын болашақ күні»** деп аталды. Ұраны: **«Болашақ бүгіннен басталады!»** Осы күннің аясында кәсіби бағдарлау мақсатында **«Мамандық білгірлері»** сайысы өтті. Сайыс 9 сыныптар арасында жүргізілді. Сонымен қатар, 10 сыныптың ҰБТ – ге қатысатын түлектерімен мұғалімдерге арналған **«Алынбайтын асу жоқ»** мақсатқа бағыттау тренингі жүргізілді.





**Қортынды: «Ынтымақтастық күні»** болып аталды. Ұраны: «**Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер»** Акция: **«Мектеп – ортақ үйіміз»** мектептің жалпы суреті, бұл күнді ұйымдастыру үшін барлық сыныптарға 2 -3 күн бұрын тапсырма берілді. Схема арқылы тапсырмалар бөлінді, әрбір сынып жалпы мектептің суретінің бір бөлігін салды. Ал апталықтың қорытынды күні, екінші қабаттағы кіре беріске суреттер құрастырылды. үлкен психологиялық ойын өткізілді. **Ойынның мақсаты:** Топтық ауызбіршілік пен ынтымақтастық қалыптастыру. Сонымен қатар апталықтың қорытындысын шығару мақсатында **«қайта байланыс анкетасы»** жүргізілді. Осы сауалнаманың қорытындысы арқылы апталықтың қорытындысы шығарылды. Оқушылыар өте жақсы жауап берге. 1-10 сынып арасында қатысып жақсы көңіл күйде болды. қушылар шеңбер құра отырады да, допты әр қайсысы кезекпен кезек ала отырып тренингтің өткізілуіне байланысты өз ойларын білдіреді:



